Sinoasia B&R	**КЛЮЧЕВОЙ ИНФОРМАЦИОННЫЙ ДОКУМЕНТ** **Обязательное страхование гражданско-правовой ответственности перевозчика перед пассажирами /** НЕГІЗГІ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЖАТ Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру	Редакция: №1 / Редакция: №1

Ключевой информационный документ о страховом продукте – документ, содержащий в краткой и доступной форме основную информацию о страховом продукте, включая информацию об особенностях, условиях и рисках страхового продукта. Полные условия страхования, включая страховые риски, исключения, ограничения, права и обязанности сторон, определяются Договором страхования (далее – Договор) и Правилами страхования, являющимися его неотъемлемой частью в случаях, предусмотренных Договором./

Сақтандыру өнімі туралы негізгі ақпараттық құжат – сақтандыру өнімінің ерекшеліктері, шарттары мен тәуекелдері туралы ақпаратты қоса алғанда, сақтандыру өнімі туралы негізгі ақпаратты қысқа және қолжетімді нысанда қамтитын құжат. Сақтандырудың толық талаптары, оның ішінде сақтандыру тәуекелдері, алып тастаулар, шектеулер, Тараптардың құқықтары мен міндеттері Сақтандыру шартымен (бұдан әрі – Шарт) және Шартта көзделген жағдайларда оның ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандыру қағидаларымен айқындалады.

Страховщик / Сақтандырушы	АО «Страховая Компания «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (далее – Общество) / «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам)
Вид страхования / Сақтандыру түрі	Обязательное страхование гражданско-правовой ответственности / Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру
Класс страхования / Сақтандыру сыныбы	Страхование гражданско-правовой ответственности / Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
Правила страхования/ Сақтандыру қағидалары	Условия страхования установлены Законом Республики Казахстан «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности перевозчика перед пассажирами» от 1 июля 2003 года № 444-II (с изменениями и дополнениями). / Сақтандыру талаптары «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі № 444-II Заңымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) белгіленген.
Общая информация о продукте / Өнім туралы жалпы ақпарат	Перевозчики – резиденты Республики Казахстан, перевозящие пассажиров и их имущество автомобильным, городским рельсовым, железнодорожным, воздушным, морским и внутренним водным транспортом, обязаны застраховать свою ответственность перед пассажирами. Перевозка пассажиров без такого договора не допускается. Ответственность страхуется по каждой единице транспортного средства. Страхование защищает пассажиров: при вреде их жизни, здоровью или имуществу во время перевозки Страховщик осуществляет выплату в размерах, установленных Законом. Договор заключается на основании заявления Страхователя путем оформления страхового полиса в электронной форме. Страховщик не вправе отказать в заключении договора, кроме случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан. / Жолаушылар мен олардың мүлкін автомобиль, қалалық рельсті, темір жол, әуе, теңіз және ішкі су көлігімен тасымалдайтын Қазақстан Республикасының резидент тасымалдаушылары жолаушылар алдындағы өз жауапкершілігін сақтандыруға міндетті. Мұндай шартсыз жолаушыларды тасымалдауға жол берілмейді. Жауапкершілік көлік құралының әрбір бірлігі бойынша сақтандырылады. Сақтандыру жолаушыларды қорғайды: тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірілгенде Сақтандырушы Заңда белгіленген мөлшерде төлем жүргізеді. Шарт Сақтанушының өтініші негізінде сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеу арқылы жасалады. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасудан бас тартуға құқылы емес.
Объект страхования / Сақтандыру объектісі	Имущественный интерес перевозчика, связанный с его обязанностью, установленной гражданским законодательством Республики Казахстан, возместить вред, причиненный жизни, здоровью и (или) имуществу пассажиров при их перевозке. Транспортные средства (марка, модель, количество посадочных мест, регистрационный номер, VIN) указываются в Договоре страхования. / Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген, жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі. Көлік құралдары (маркасы, үлгісі, отырғызу орындарының саны, тіркеу нөмірі, VIN) Сақтандыру шартында көрсетіледі.
Страхователь / Сақтанушы	Перевозчик – физическое или юридическое лицо, резидент Республики Казахстан, осуществляющее перевозку пассажиров и их имущества. / Тасымалдаушы – жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке немесе заңды тұлға.
Основные требования к Страхователю / Сақтанушыға қойылатын негізгі талаптар:	
Заполнить заявление-анкету и предоставить достоверные сведения о себе и транспортных средствах, в том числе о прежних договорах страхования, страховых случаях и выплатах. Недостоверные сведения могут стать основанием для отказа в выплате. Оплатить страховую премию единовременно не позднее даты подписания Договора. Незамедлительно сообщать Страховщику о значительных изменениях обстоятельств, указанных при заключении Договора, если они могут увеличить страховой риск. /	

Сауалнама-өтінішті толтыру және өзі мен көлік құралдары туралы дұрыс мәліметтерді, оның ішінде бұрынғы сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары мен төлемдер туралы мәліметтерді ұсыну. Дұрыс емес мәліметтер төлемнен бас тартуға негіз болуы мүмкін. Сақтандыру сыйлықақысын Шартқа қол қойылған күннен кешіктірмей біржолғы төлеу. Шарт жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардың елеулі өзгерістері туралы, егер олар сақтандыру тәуекелін ұлғайтуы мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау.	
Застрахованный / Сақтандырылған	Лицо, указанное в Договоре страхования. / Сақтандыру шартында көрсетілген тұлға.
Выгодоприобретатель / Пайда алушы	Потерпевший пассажир (в случае его смерти – лицо, имеющее по закону право на возмещение вреда в связи со смертью), а также Страхователь (Застрахованный) или иное лицо, возместившее потерпевшему вред в пределах ответственности Страховщика и получившее право на страховую выплату. / Зардап шеккен жолаушы (ол қайтыс болған жағдайда – заң бойынша оның қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлға), сондай-ақ Сақтандырушының жауапкершілігі шегінде жәбірленушіге зиянды өтеген және сақтандыру төлемін алуға құқық алған Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе өзге тұлға.
Страховые риски и страховые случаи / Сақтандыру тәуекелдері және сақтандыру жағдайлары	Страховой случай – **факт наступления гражданско-правовой ответственности перевозчика по возмещению вреда, причиненного жизни, здоровью и (или) имуществу пассажиров при их перевозке.** Покрываемые риски: – вред жизни и здоровью пассажира (гибель, инвалидность, травма) – возмещается независимо от вины перевозчика; – вред имуществу пассажира – утрата, недостача или повреждение багажа и вещей, находящихся при пассажире. / Сақтандыру жағдайы – **жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі.** Өтелетін тәуекелдер: – жолаушының өміріне және денсаулығына келтірілген зиян (қаза табу, мүгедектік, жарақат) – тасымалдаушының кінәсіне қарамастан өтеледі; – жолаушының мүлкіне келтірілген зиян – багаждың және жолаушының жанындағы заттардың жоғалуы, жетіспеуі немесе зақымдануы.
Сроки страхования / Сақтандыру мерзімі	Договор заключается на 12 месяцев с даты вступления в силу. Если право перевозчика на перевозку пассажиров истекает раньше, Договор заключается только на этот период. Договор вступает в силу с момента уплаты страховой премии, если Договором не предусмотрено иное. Договор действует весь срок и не прекращается после первого страхового случая. Период страховой защиты совпадает со сроком действия Договора (обе даты включительно). / Шарт күшіне енген күннен бастап 12 айға жасалады. Егер тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау құқығы ертерек аяқталса, Шарт тек осы кезеңге жасалады. Шарт, егер Шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысы төленген сәттен бастап күшіне енеді. Шарт бүкіл мерзім бойы қолданылады және бірінші сақтандыру жағдайынан кейін тоқтатылмайды. Сақтандыру қорғауының кезеңі Шарттың қолданылу мерзімімен сәйкес келеді (екі күнді қоса алғанда).
Страховая сумма (лимит ответственности) / Сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті)	Страховая сумма (лимит ответственности по одному страховому случаю) указывается в Договоре раздельно и не может быть меньше установленной Законом (в МРП) по каждому потерпевшему: – гибель – 5 000 МРП (21 625 000 тенге); – инвалидность I группы – 5 000 МРП (21 625 000 тенге), II группы – 3 500 МРП (15 137 500 тенге), III группы – 2 500 МРП (10 812 500 тенге), ребенок с инвалидностью – 5 000 МРП; – травма без инвалидности – фактические расходы на лечение, но не более 200 МРП (865 000 тенге); – вред имуществу – в размере вреда, но не более 250 МРП (1 081 250 тенге). При гибели пассажира лицу, осуществившему погребение, возмещаются расходы на погребение – 100 МРП (432 500 тенге). Для расчета применяется МРП на день страховой выплаты; суммы в тенге указаны по МРП на 2026 год – 4 325 тенге. / Сақтандыру сомасы (бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілік лимиті) Шартта бөлек көрсетіледі және әрбір жәбірленуші бойынша Заңда белгіленгеннен (АЕК-пен) кем болмауға тиіс: – қаза табу – 5 000 АЕК (21 625 000 теңге); – I топ мүгедектігі – 5 000 АЕК (21 625 000 теңге), II топ – 3 500 АЕК (15 137 500 теңге), III топ – 2 500 АЕК (10 812 500 теңге), мүгедектігі бар бала – 5 000 АЕК; – мүгедектіксіз жарақат – емделуге жұмсалған іс жүзіндегі шығыстар, бірақ 200 АЕК-тен (865 000 теңге) аспайды; – мүлікке келтірілген зиян – зиян мөлшерінде, бірақ 250 АЕК-тен (1 081 250 теңге) аспайды. Жолаушы қаза тапқан кезде жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға жерлеу шығыстары өтеледі – 100 АЕК (432 500 теңге). Есептеу үшін сақтандыру төлемі күнгі АЕК қолданылады; теңгедегі сомалар 2026 жылғы АЕК бойынша көрсетілген – 4 325 теңге.

Порядок оплаты страховой премии/ Сақтандыру сыйлықақысын төлем тәртібі	Размер годовой страховой премии на единицу транспортного средства установлен Законом (в МРП): – легковые автомобили, автобусы, микроавтобусы: до 4 пассажирских мест – 3 МРП (12 975 тенге); свыше 4 до 7 – 5 МРП (21 625 тенге); свыше 7 до 16 – 11,5 МРП (49 737,5 тенге); свыше 16 до 30 – 16 МРП (69 200 тенге); свыше 30 – 23 МРП (99 475 тенге); – трамваи, троллейбусы – 7 МРП (30 275 тенге); – самолеты: до 50 мест – 400 МРП; свыше 50 до 120 – 990 МРП; свыше 120 до 200 – 2 180 МРП; свыше 200 – 3 820 МРП; вертолеты и воздушные суда передовой воздушной мобильности – 135 МРП; – морской транспорт: до 50 мест – 50 МРП; свыше 50 до 100 – 100 МРП; свыше 100 до 150 – 150 МРП; свыше 150 до 300 – 300 МРП; свыше 300 – 530 МРП; – внутренний водный транспорт: до 50 мест – 17,5 МРП; свыше 50 до 100 – 35 МРП; свыше 100 до 150 – 50 МРП; свыше 150 до 300 – 90 МРП; свыше 300 – 160 МРП; – железнодорожные перевозки – 0,2% от дохода от перевозки пассажиров и их имущества по территории Республики Казахстан за период действия Договора, ежемесячными взносами. По результатам оценки риска Страховщик может увеличить премию не более чем в 2 раза (для железнодорожных перевозок – до 0,5% дохода). При сроке менее 12 месяцев премия составляет от 20% (до 1 месяца) до 100% (свыше 11 месяцев) годовой премии. При оформлении через интернет-ресурс Страховщика может быть предоставлена скидка не более 10%. Премия уплачивается единовременно путем перечисления на банковский счет Страховщика не позднее даты подписания Договора. / Көлік құралының бірлігіне жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Заңмен (АЕК-пен) белгіленген: – жеңіл автомобильдер, автобустар, шағын автобустар: 4 жолаушы орнына дейін – 3 АЕК (12 975 теңге); 4-тен 7-ге дейін – 5 АЕК (21 625 теңге); 7-ден 16-ға дейін – 11,5 АЕК (49 737,5 теңге); 16-дан 30-ға дейін – 16 АЕК (69 200 теңге); 30-дан астам – 23 АЕК (99 475 теңге); – трамвайлар, троллейбустар – 7 АЕК (30 275 теңге); – ұшақтар: 50 орынға дейін – 400 АЕК; 50-ден 120-ға дейін – 990 АЕК; 120-дан 200-ге дейін – 2 180 АЕК; 200-ден астам – 3 820 АЕК; тікұшақтар және озық әуе мобильділігіне жіберілген әуе кемелері – 135 АЕК; – теңіз көлігі: 50 орынға дейін – 50 АЕК; 50-ден 100-ге дейін – 100 АЕК; 100-ден 150-ге дейін – 150 АЕК; 150-ден 300-ге дейін – 300 АЕК; 300-ден астам – 530 АЕК; – ішкі су көлігі: 50 орынға дейін – 17,5 АЕК; 50-ден 100-ге дейін – 35 АЕК; 100-ден 150-ге дейін – 50 АЕК; 150-ден 300-ге дейін – 90 АЕК; 300-ден астам – 160 АЕК; – темір жол тасымалдары – Шарттың қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдаудан түскен табыстың 0,2%-ы, ай сайынғы жарналармен. Тәуекелді бағалау нәтижелері бойынша Сақтандырушы сыйлықақыны 2 еседен аспайтындай арттыра алады (темір жол тасымалдары үшін – табыстың 0,5%-ына дейін). 12 айдан аз мерзімде сыйлықақы жылдық сыйлықақының 20%-ынан (1 айға дейін) 100%-ына дейін (11 айдан астам) құрайды. Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы ресімдеген кезде 10%-дан аспайтын жеңілдік берілуі мүмкін. Сыйлықақы Шартқа қол қойылған күннен кешіктірмей Сақтандырушының банктік шотына аудару арқылы біржолғы төленеді.
Франшиза / Шегерім	Франшиза – 5 МРП (21 625 тенге) по одному страховому случаю и по каждому потерпевшему; применяется только к вреду имуществу. Если вред превышает франшизу, выплата производится в полном размере. Выплата за вред жизни и здоровью производится без франшизы. / Франшиза – бір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір жәбірленуші бойынша 5 АЕК (21 625 теңге); тек мүлікке келтірілген зиянға қолданылады. Егер зиян франшизадан асса, төлем толық мөлшерде жүргізіледі. Өмірге және денсаулыққа келтірілген зиян үшін төлем франшизасыз жүргізіледі.
Территория страхования / Сақтандыру аумағы	Республика Казахстан, если иное не предусмотрено международным договором Республики Казахстан. / Қазақстан Республикасы, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе.
Особые условия страхования / Сақтандырудың ерекше шарттары	В течение 7 рабочих дней после сообщения о страховом случае Страховщик по заявлению Страхователя оценивает вред и составляет страховой акт. Если осмотр и оценка имущества не проведены в этот срок, Страхователь или потерпевший вправе обратиться к независимому эксперту и начать восстановление имущества. Если позже у потерпевшего установлена инвалидность (более высокая группа) или наступила смерть, Страховщик пересчитывает выплату с зачетом ранее выплаченного. Выплата за вред жизни и здоровью производится независимо от выплат по другим договорам страхования. Если страховой суммы недостаточно, разницу потерпевшему возмещает перевозчик. Страховщик возмещает необходимые расходы на предотвращение или уменьшение убытков (вместе с выплатой – в пределах страховой суммы; по указанию Страховщика – полностью). /

	Сақтандыру жағдайы туралы хабарламадан кейін 7 жұмыс күні ішінде Сақтандырушы Сақтанушының өтініші бойынша зиянды бағалайды және сақтандыру актісін жасайды. Егер мүлікті қарау және бағалау осы мерзімде жүргізілмесе, Сақтанушы немесе жәбірленуші тәуелсіз сарапшыға жүгінуге және мүлікті қалпына келтіруді бастауға құқылы. Егер кейіннен жәбірленушіге мүгедектік (жоғары топ) белгіленсе немесе ол қайтыс болса, Сақтандырушы бұрын төленген соманы есепке ала отырып, төлемді қайта есептейді. Өмірге және денсаулыққа келтірілген зиян үшін төлем басқа сақтандыру шарттары бойынша төлемдерге қарамастан жүргізіледі. Сақтандыру сомасы жеткіліксіз болса, айырманы жәбірленушіге тасымалдаушы өтейді. Сақтандырушы залалдарды болғызбау немесе азайту жөніндегі қажетті шығыстарды өтейді (төлеммен бірге – сақтандыру сомасы шегінде; Сақтандырушының нұсқауы бойынша – толық көлемде).
Основные исключения и ограничения страхования / Сақтандырудың негізгі ерекшеліктері мен шектеулері:	
Не возмещаются моральный вред, упущенная выгода (включая утрату товарной стоимости имущества) и неустойки. Страховщик освобождается от выплаты, если страховой случай произошел вследствие ядерного взрыва, радиации или радиоактивного заражения, военных действий, гражданской войны, народных волнений, массовых беспорядков или забастовок. Страховщик вправе полностью или частично отказать в выплате, если: – страховой случай произошел вследствие умышленных действий выгодоприобретателя (кроме необходимой обороны и крайней необходимости) или его умышленных уголовных либо административных правонарушений; – возмещение уже получено от виновного лица; – Страховщик не был уведомлен или уведомлен несвоевременно (кроме уважительных причин, подтвержденных документами); – вред причинен деньгам, ценным бумагам, золоту, изделиям из серебра, драгоценностям, украшениям, произведениям искусства или другим ценностям. Страховщик вправе потребовать от Страхователя возврата выплаты, в том числе если вред причинен умышленно, водитель находился в состоянии опьянения или не имел права управления, транспорт использовался не по назначению, причиной стала известная Страхователю техническая неисправность, не приняты меры по уменьшению убытков. / Моральдық зиян, жіберіп алынған пайда (мүліктің тауарлық құнының жоғалуын қоса алғанда) және тұрақсыздық айыптары өтелмейді. Егер сақтандыру жағдайы ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың, соғыс қимылдарының, азамат соғысының, халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан болса, Сақтандырушы төлемнен босатылады. Сақтандырушы мына жағдайларда төлемнен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы: – сақтандыру жағдайы пайда алушының қасақана әрекеттерінің (қажетті қорғаныс пен аса қажеттілікті қоспағанда) немесе оның қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтарының салдарынан болса; – өтем кінәлі тұлғадан алынып қойса; – Сақтандырушыға хабарланбаса немесе уақтылы хабарланбаса (құжатпен расталған дәлелді себептерді қоспағанда); – зиян ақшаға, бағалы қағаздарға, алтынға, күмістен жасалған бұйымдарға, асыл заттарға, әшекейлерге, өнер туындыларына немесе басқа да құндылықтарға келтірілсе. Сақтандырушы Сақтанушыдан төлемді қайтаруды талап етуге құқылы, оның ішінде зиян қасақана келтірілсе, жүргізуші мас күйде болса немесе басқару құқығы болмаса, көлік мақсатына сай пайдаланылмаса, себебі Сақтанушыға белгілі техникалық ақау болса, залалдарды азайту шаралары қолданылмаса.	
Действия Страхователя при наступлении страхового случая / Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері:	
Незамедлительно, но не позднее 3 рабочих дней, уведомить Страховщика любым доступным способом (call-центр 2040). Устное сообщение нужно подтвердить письменно в течение 72 часов. Принять разумные меры по уменьшению убытков, спасению имущества и оказанию помощи пострадавшим; сообщить о случае и пострадавших в полицию, противопожарную службу, скорую помощь, аварийные службы. Составить акт о страховом случае на транспорте и обеспечить переход к Страховщику права требования к виновному лицу. Для выплаты предоставить: заявление; документ о факте страхового случая и размере вреда; акт о страховом случае на транспорте; проездной билет (или его заменяющий документ, свидетельские показания); при необходимости – справку о нетрудоспособности или инвалидности, свидетельство о смерти и документ о праве на возмещение, перечень утраченного или поврежденного имущества, документы о расходах на уменьшение убытков. Требовать другие документы Страховщик не вправе. / Дереу, бірақ 3 жұмыс күнінен кешіктірмей кез келген қолжетімді тәсілмен Сақтандырушыға хабарлау (2040 call-орталығы). Ауызша хабарламаны 72 сағат ішінде жазбаша растау қажет. Залалдарды азайту, мүлікті құтқару және зардап шеккендерге көмек көрсету үшін ақылға қонымды шаралар қолдану; жағдай және зардап шеккендер туралы полицияға, өртке қарсы қызметке, жедел жәрдемге, авариялық қызметтерге хабарлау. Көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акті жасау және кінәлі тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз ету. Төлем алу үшін ұсыну: өтініш; сақтандыру жағдайының фактісі және зиян мөлшері туралы құжат; көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акті; жол жүру билеті (немесе оны алмастыратын құжат, куә айғақтары); қажет болғанда – еңбекке уақытша жарамсыздық немесе мүгедектік туралы анықтама, қайтыс болу туралы куәлік және өтемге құқықты растайтын құжат, жоғалған немесе зақымданған мүліктің тізбесі, залалдарды азайту шығыстары туралы құжаттар. Сақтандырушы басқа құжаттарды талап етуге құқылы емес.	
Порядок страховой выплаты / Сақтандыру төлемінің тәртібі:	
Страховая выплата производится **в течение 7 рабочих дней** со дня получения необходимых документов. О недостающих документах Страховщик сообщает в течение 3 рабочих дней с их полным перечнем. Если размер выплаты оспаривается, неоспариваемая часть выплачивается в тот же срок, оспариваемая – в течение 3 рабочих дней после утверждения мирового соглашения или вступления в силу решения суда. При наличии оснований для отказа Страховщик в течение 7 рабочих дней направляет письменное решение с обоснованием и уведомлением о праве обратиться к страховому омбудсману. При просрочке выплаты Страховщик уплачивает неустойку по статье 353 Гражданского кодекса Республики Казахстан. Споры можно урегулировать через Страховщика (ответ – в течение 5 рабочих дней), страхового омбудсмана или суд. /	

Сақтандыру төлемі қажетті құжаттар алынған күннен бастап **7 жұмыс күні ішінде** жүргізіледі. Жетіспейтін құжаттар туралы Сақтандырушы 3 жұмыс күні ішінде олардың толық тізбесін көрсете отырып хабарлайды.
Егер төлем мөлшері дауланса, дауланбайтын бөлігі сол мерзімде, дауланатын бөлігі – бітімгерлік келісім бекітілгеннен немесе сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде төленеді.
Бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы 7 жұмыс күні ішінде негіздемесі және сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламасы бар жазбаша шешім жібереді.
Төлем кешіктірілген кезде Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабы бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді. Дауларды Сақтандырушы (жауап – 5 жұмыс күні ішінде), сақтандыру омбудсманы немесе сот арқылы реттеуге болады.

Условия внесения изменений и прекращения Договора / Сақтандыру шартына өзгерістер енгізу және тоқтату шарттары:

Случаи и порядок изменения Договора определяются Законом. Договор может быть расторгнут по соглашению сторон и в случаях, предусмотренных законодательством.
Для досрочного прекращения Страхователь подает Страховщику письменное заявление. Если одновременно заключается новый договор с этим же Страховщиком, удерживается часть премии пропорционально прошедшему сроку (в днях).
В остальных случаях Страховщик удерживает часть годовой премии в зависимости от прошедшего срока: до 1 месяца – 20%; 1–2 мес. – 30%; 2–3 – 40%; 3–4 – 50%; 4–5 – 60%; 5–6 – 70%; 6–7 – 75%; 7–8 – 80%; 8–9 – 85%; 9–10 – 90%; 10–11 – 95%; свыше 11 месяцев – 100%. /
Шартты өзгерту жағдайлары мен тәртібі Заңмен айқындалады. Шарт тараптардың келісімі бойынша және заңнамада көзделген жағдайларда бұзылуы мүмкін.
Мерзімінен бұрын тоқтату үшін Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша өтініш береді. Егер бір мезгілде осы Сақтандырушымен жаңа шарт жасалса, сыйлықақының өткен мерзімге (күнмен) барабар бөлігі ұсталады.
Өзге жағдайларда Сақтандырушы өткен мерзімге қарай жылдық сыйлықақының бір бөлігін ұстап қалады: 1 айға дейін – 20%; 1–2 ай – 30%; 2–3 – 40%; 3–4 – 50%; 4–5 – 60%; 5–6 – 70%; 6–7 – 75%; 7–8 – 80%; 8–9 – 85%; 9–10 – 90%; 10–11 – 95%; 11 айдан астам – 100%.

Порядок подачи обращения/жалобы и урегулирования спорных вопросов / Өтініш/шағым беру және даулы мәселелерді реттеу тәртібі

Обращения и жалобы
По вопросам заключения и исполнения Договора страхования Страхователь вправе обратиться к Страховщику с обращением или жалобой. Контактные данные: адрес / мекенжайы: Республика Казахстан / Қазақстан Республикасы, A25X3D8, г. Алматы / Алматы қ., ул. Карасай батыра / Қарасай батыр көшесі, 34/95; ул. Радлова / Радлов көшесі, 71/1
тел.: +7 (727) 339-20-41, +7 (727) 339-20-42, call-центр 2040, сайт: www.sinoasia.kz
Споры между Страховщиком и Страхователем решаются путем переговоров. Если достичь согласия не удалось, спор разрешается в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан./
Өтініштер мен шағымдар
Сақтандыру шартын жасасу және орындау мәселелері бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға өтінішпен немесе шағыммен жүгінуге құқылы. Байланыс деректері жоғарыда көрсетілген.
Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізу мүмкін болмаса, дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Важная информация
Информация, содержащаяся в настоящем КИД, предназначена для ознакомления Страхователя с основными условиями страхования. Ознакомление Страхователя с КИД, Правилами страхования и иными документами, предоставляемыми при заключении Договора, подтверждается подписью Страхователя, а при заключении Договора страхования в электронной форме – электронным подтверждением, позволяющим идентифицировать Страхователя и зафиксировать дату и время ознакомления.
При дистанционном заключении Договора страхования через интернет-ресурс, мобильное приложение или личный кабинет Страхователю предоставляется информация в объеме, предусмотренном законодательством Республики Казахстан и условиями страхования./
Маңызды ақпарат
Осы НАҚ-та қамтылған ақпарат Сақтанушыны сақтандырудың негізгі талаптарымен таныстыруға арналған.
Сақтанушының НАҚ-пен, Сақтандыру ережелерімен және Сақтандыру шарт жасасу кезінде ұсынылатын өзге де құжаттармен танысқаны Сақтанушының қолымен, ал Сақтандыру шарт электрондық нысанда жасалған кезде – Сақтанушыны сәйкестендіруге және танысу күні мен уақытын тіркеуге мүмкіндік беретін электрондық растаумен расталады.
Сақтандыру шарт интернет-ресурс, мобильді қосымша немесе жеке кабинет арқылы қашықтан жасалған кезде Сақтанушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру талаптарында көзделген көлемде ақпарат беріледі.
Сақтанушымен оның жеке қатысуынсыз Сақтандырушының интернет-ресурсы, мобильді қосымшасы, жеке кабинеті арқылы өзара іс-қимыл жасау кезінде ақпарат Сақтанушымен жеке өзара іс-қимыл жасауға салыстырмалы көлемде және форматта ашып көрсетіледі.

ЭЛЕКТРОННОЕ ПОДТВЕРЖДЕНИЕ ОЗНАКОМЛЕНИЯ / ТАНЫСУДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РАСТАУ

Страхователь подтверждает, что до заключения Договора страхования ознакомился с настоящим КИД и Правилами страхования, а также получил информацию об основных условиях, особенностях, ограничениях и рисках страхового продукта. Подтверждение дается Страхователем электронной отметкой в информационной системе Страховщика. Идентификация Страхователя, дата и время ознакомления регистрируются информационной системой Страховщика. /
Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасқанға дейін осы НАҚ-пен және Сақтандыру қағидаларымен танысқанын, сондай-ақ сақтандыру өнімінің негізгі талаптары, ерекшеліктері, шектеулері мен тәуекелдері туралы ақпарат алғанын растайды. Растауды Сақтанушы Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде электрондық белгі арқылы береді. Сақтанушыны сәйкестендіру, танысу күні мен уақыты Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде тіркеледі.